



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақсаты: Президент сайлауында Қазақстан Республикасы азаматтарының дауыс беруін ұйымдастыру мен өткізудің құқықтық негіздерін зерделеу.

Жоспары:

1. Қазақстан Республикасындағы сайлау процесі. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындаудың құқықтық негіздері.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің кандидаттарын ұсыну және тіркеу.
3. Республика Президенті сайлауының қорытындыларын анықтау және жариялау. Қайта дауыс беру және қайта сайлау.



**Қазақстан Республикасының Президентін сайлау кезіндегі сайлау процесінің кезеңдері
(Конституциялық заңның ерекше бөлігі)**



сайлау туралы хабарландыру (53 бап)

кандидаттарды ұсыну қол жинау (55 бап)

кандидаттарды тіркеу (59-б.)

сайлау алдындағы үгіт

дауыс беру, дауыстарды санау (62 бап)

Президент сайлауының қорытындыларын белгілеу және жариялау (65-бап)

сайланған Президентті тіркеу (66-бап)





Президенттікке кандидат ұсыну

Қазақстан Республикасының Конституциясы (41-б. 2-т.)

- Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан республика азаматы сайлана алады,
- жасы қырық жыл,
- мемлекеттік тілді еркін меңгерген,
- Қазақстанда соңғы он бес жыл және
- жоғары білімі бар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заң (Ерекше бөлім) (54-бап)

- мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы,
- сондай-ақ белсенді сайлау құқығына ие болу

1-қадам

- республикалық қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдарының отырысы
- Президенттікке кандидат ұсыну
- ұсыну туралы шешім Президенттікке кандидаттың назарына жеткізіледі;

2-қадам

Президенттікке кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге шешім Орталық сайлау комиссиясына ұсынылады

3-қадам

- Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатты қолдау үшін қол жинау
- сайлау қорын құру






Президенттікке кандидатты тіркеу

ҚР ОСК:

1) Президенттікке кандидаттарды тіркегеннен кейін **7 күннен кешіктірмей** БАҚ-та әрбір кандидаттың Т.А.Ә., туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), жұмыс орны мен тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы, ұлттық тиесілігі туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы хабарлама жариялайды;

2) тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік беріледі.

Президенттікке кандидатты тіркеуге арналған құжаттар тізімі:





Президент сайлауының қорытындыларын белгілеу және жариялау

